БЕКІТЕМІН
«Самғау НРМ» ЖШС
«Жұлдыз-1» балабақшасының
меңгерушісі Кабдыгалиева Г.К.

«Педагогикалық әдеп қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы №190 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №20619 болып тіркелген) талаптарының негізінде құрылған 2026-2027 оқу жылы бойынша педагогикалық әдеп кеңесі жоспары:

№	Кеңес тақырыбы және қаралатын мәселелер	Өткізу түрі	Мерзімі	Жауаптылар
1	**«Педагогикалық әдеп – педагогтің кәсіби мәдениеті мен жауапкершілігінің негізі»** 1. Педагогикалық әдептің негізгі қағидаттары мен нормаларын зерделеу. 2. Педагогтің балаға, ата-анаға және әріптестеріне қарым-қатынас мәдениеті. 3. Қызметтік әдеп пен ішкі еңбек тәртібін сақтау. 4. Педагогтің сыртқы мәдениеті, сөйлеу әдебі және кәсіби беделі. 5. Ұжымда өзара сыйластық пен сенім атмосферасын қалыптастыру.	**Педагогикалық әдеп кеңесі, түсіндіру, жағдаяттарды талдау**	**Қыркүйек**	Меңгеруші, әдіскер, педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес
2	**«Балаға құрмет – педагогикалық әдептің басты талабы»** 1. Тәрбиеленушінің ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеу. 2. Баламен қарым-қатынаста мейірімділік, сабырлылық және әділдік таныту. 3. Баланы көпшілік алдында кемсітуге, салыстыруға, қорқытуға және психологиялық қысым жасауға жол бермеу. 4. Балалардың жеке ерекшеліктерін ескеру және эмоционалдық қолдау көрсету. 5. Балалар арасындағы жанжалдарды педагогикалық әдеп нормалары негізінде шешу.	**Тақырыптық кеңес, практикалық жағдаяттар, пікір алмасу**	**Қараша**	Әдіскер, педагог-психолог, педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес
3	**«Педагог – ата-ана – әріптес: өзара сыйластық пен кәсіби қарым-қатынас»** 1. Ата-аналармен қарым-қатынаста педагогикалық әдепті сақтау.	**Дөңгелек үстел, тренинг, жағдаяттық тапсырмалар**	**Ақпан**	Меңгеруші, әдіскер, педагог-психолог, педагогикалық

	2. Ата-ананың пікірін тыңдау және сындарлы кері байланыс орнату. 3. Әріптестермен кәсіби ынтымақтастық және өзара қолдау. 4. Даулы және түсініспеушілік жағдайларды мәдениетті түрде шешу. 5. Әріптестің кәсіби абыройына нұқсан келтіретін әрекеттердің алдын алу. 6. Ұжымдағы жағымды моральдық-психологиялық ахуалды сақтау.			әдеп жөніндегі кеңес
4	**«Педагогикалық әдеп: тәжірибе, нәтиже және кәсіби даму»** 1. Оқу жылында педагогикалық әдеп қағидаларының орындалуын талдау. 2. Педагогтердің кәсіби қарым-қатынасындағы жетістіктер мен кездескен қиындықтарды саралау. 3. Ата-аналармен және әріптестермен өзара қарым-қатынас нәтижелерін талдау. 4. Педагогикалық әдепті бұзудың алдын алу бойынша ұсыныстар әзірлеу. 5. Келесі оқу жылына педагогикалық әдеп мәдениетін жетілдіру бағыттарын белгілеу.	**Қорытынды кеңес, талдау, рефлексия, ұсынымдар әзірлеу**	**Мамыр**	Меңгеруші, әдіскер, педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес